

ДАУДА
ДАУДА

Ақеділ ТОЙШАНҰЛЫ. Қыран бүркітті сынай білеміз бе?

Қазақстандағы, қытайдағы, монголдағы айтылып жүрген бүркіт сыны туралы мәліметтерді өзара салыстырғанда ортақ тұстар мол болғанымен кейбір жергілікті ерекшеліктер де бар екені анықталып отыр. Қазақстандағы бүркіт сыны туралы деректерді Ә.Марғұланның «Саят құстары» деген еңбегінен, сонымен бірге зерттеуші С.Қасимановтың (Шығыс Қазақстандық бүркітші М.Бибалинов, М.Сқакұлының мәліметтері енген) зерттеулерінен байқауға болады. Бұл сала туралы академик Ә.Марғұланның алғы сөзімен жарық көрген Ж.Бабалықов пен А.Тұрдыбаевтың «Қырандар» зерттеуінің маңызы аса зор екенін айта кеткен орынды. Осы еңбекке негізінен Қытайдағы қандастардың бүркіт сыны дереккоры болғанымен ішінара қазақстандық құсбеттердің де мәліметтері енген. Ал Монғолиядағы саятшылық өнері туралы құсбеті, сыйызғышы Т.Сауыржанұлының «Құсбетілік», тарих ғылымдарының докторы, этнограф Б.Камалашұлының «Қазақтың салт-дәстүрлері» деген зерттеуінен байқауға болады. Қытайда өмір сүрген құсбеті, халық мәдениетінің білгірі Шаяхмет (Шайқасын) Жәнгірұлының «Алымыр құстар жөнінде» (Ғылым және өнер, 1986, №4) және «Бүркіт және оның ерекшеліктері» (Алқап, Пекин, 1989, №8) деген зерттеу мақалаларының ел біліміне қосатын үлесі зор. Осы зерттеудегі бүркіт сынының біршама белгілері ұлы Абайдың атынан ел арасына таралған «Бүркіт сыны» деген халық өлеңімен үндес келеді. Сонымен бірге Ш.Жәнгірұлының жазған жайттарына ұқсас сындарды биыл экспедиция кезінде (М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдары 2013 жылы 14 мамырдан 5 маусымға дейін ҚХР ШҰАР Іле қазақ автономиялы облысының Алтай аймағы, Тарбағатай аймағында, Үрімжі, Күйтің қаласы, Санжы облысы Мори аудандарына ғылыми экспедиция сапарында болды) ҚХР ШҰАР Алтай аймағы Шіңгіл ауданы Шағанқол ауылы тұрғыны 1961 жылы туған құсбеті Қ.Тоқтаубайұлының аузынан жазып алдық. Бұл жайттарды байыптай келе бүркіт сыны туралы пайым мен таным, ұғым мен түсінік есте жоқ ескі заманнан ел аузында айтылып, елек-сүзгіден әбден өтіп, барша қазаққа ортақ болып сұрыпталып, қалыптасқан деп қорытынды жасауға болатын секілді. Құрманбек Тоқтаубайұлының айтуынша бүркітті алғаш қолға үйреткен Жалайыр шор, ол Көкшенің қаусырмасы деген құсты ұстаған. Бүркіттің жасы 30-ға толады, яғни 30 рет түлейді деген сөз бар болғанымен құсбетілер негізінен бір бүркітті 9-10 жыл баптап ұстаған. Оның айтуынша бүркіттің жасы төмендегідей: 1 балапан, 2 қантүлек, 3 тірнек, 4 тастүлек, 5 жана, 6 қана, 7 ана.

Құрманбек Тоқтаубайұлы кейбір құсбетілер бүркіттің жасының томар, бармақ, баршын, молатүлек, шолақтүлек (Қартайған сайын қүйрығы қысқарып кететін себепті) т.б атауларын қосып 20-ға таман жеткізетініне де назар аударды.

Жалпы құсбетілер жергілікті ерекшелікке сай құстың жасын әртүрлі айтатыны белгілі. Мысалы, осы Шіңгіл ауданының қарт құсбеті Дәуекей ақсақал бүркіт жасын басқаша таратып берді. Оның пікірі жерлесі Құрманбек Тоқтаубайұлынан басқаша шықты. Олар мынадай:

1 балапан, 2 тірнек, 3 тастүлек, 4 ана (4 жасында құс бірінші рет жұмыртқалап, ана болады), 5 құмтүлек, 6 қутүлек (5-6 жасқа келгенде құс туғандықтан түлемей қалады, сол себептен құмтүлек, қу түлек дейді), 7 мұзтүлек (7 жасында құс тумай ту қалады, сол себептен мұзтүлек дейді), 8 қана, 9 балабаршын, 10 тұлымыр (бұл жаста да ту қалатындықтан тұлымыр дейді), 11 сана (бұл сана деген сөз осыдан кейін жас жоқ, оны өзің сана, тап дегені).

Шіңгіл ауданында құсбетілер қоғамы өз жұмысын 2010 жылы бастаған, 2012 жылдан құсбетілер мерекесін өткізген, ал осы ауданда асылтұқымды қазақ төбетін өсіретін арнайы шаруашылық бар екендігіне де сапар кезінде куә болдық. Қазір Шіңгіл ауданында барлығы 43 бүркіт бар көрінеді. Құрманбек Тоқтаубайұлы экспедиция кезінде аудандық қарт құсбеті Дәуекей ақсақалдың «Жонның саршегірі (саралақұсы)» деген құсын қолына қонғызып, дәстүрлі бүркіт сынын айтып берді. Құрманбек Тоқтаубайұлының айтуынша бүркіттің дene мүшесін қарт құсбетілер Жалайыр Шора заманынан бері үш-үштегі жіктеп сынаған.

Бүркіттің басы:

1. Кешкіл бас. Басы онша үлкен емес, ықшам, кішкене, сопақтау шықшыты қабакты келеді, тұмсығы жұқа, желке жұні жонына төгіліп түспеген, қыска. Жалпы кешкіл деген – кішірек деген сөз, мысалы жыланбас деген қырандықтың белгісі болғандай бұл кешкіл деген ықшамдықты білдіреді. Тұмсығы жұқалтаң ұзындау, ал бас қаңқасының ені ықшам болады.
2. Жыланбас. Басы сұңсиынқы, сұңғақ, көзі қабакты, екі шықшыты шығынқы, төбесі сопақ. Аңға аса жарамды, алғыр қыранның белгісі.
3. Бақабас. Төбесі жалпақ, тұмсығы негізі қысқалтаң, тұштиғандау болады. Аңға баруы саран, мұндай құстар көбінде ерекек саршадан шығады, мұндайды «сарша, бұқатана» деп көніл жұбатып та атайды, яғни онша қыран емес. Нағыз қыран қолға түспегенде осы бұқатананың өзін де баулып аңға түсіре алады мініскер құсбеті.

Бүркіт көзінің сины:

Жадағай көз. Адамға мейірі аз, жалтақойлау, аңға да сараң барады.

Жылан көз. Көз ұясы кіші, көзінің арты қыықты, көреген, бұл – қыран.

Су көз. Сәнге болмаса аңға бармайды, көзінің алды мөлтілдеп суға толып тұрады.

Саят құсының көз жанарының өң-түсі, бүркіттің туған жерінің реңіне, яғни жағырапиялық ортасының ерекшелігіне байланысты қалыптасатындықтан

солайша аталауды. Мысалы: саршегір, көкшегір, құмшегір т.б.

Бүркіттің тілі:

1. Қылтылдаған қызыл тіл. Бұл күйшіл, күйден жаңылғыш болады, бап талғайды.

2. Қанға тоймас қара тіл. Бұл қырандықтың белгісі.

3. Болбыранқы боз тіл. Бұл да қырандық белгі.

Сонымен бірге құстың езу шыбығын да (езуін) бірнеше түрге бөледі. Мәселен, осы саршегір бүркіт езулі емес, ал қарымды құстардікі езу шыбығы қайырылып жатады. Ал бұл саршегір орта сүйекті құс болғандықтан езу шыбығы да сәл ықшам деуге болады.

Бүркіт аяғының сыны:

1. Жарғақ аяқ. Қыран емес, жарғақ аяқ жарытпас деген сөз бар.

2. Бұжыр аяқ. Бұжыр аяқ немесе қожыр аяқ қырандықтың белгісі.

3. Арық аяқ. Бұл құс та алымды болады.

Бұлар туралы «Арық аяқ алымды, салалы аяқ салымды, бұжыр аяқ қарымды» дейтін сөз бар.

Бүркіт қанатының сыны:

Қанат үш құрылымнан тұрады: 1.Тоқ қанат. Иығына жақын біткен қанат. 2. Ірге қанат 3. Шалғы. Шалғысы ұзын, қанатының ұшы деуге болады.

Ұзын шалғы 6 тал болады. Ал қысқа шалғы да 6 тал болады, олар, яғни тоқ қанат пен ірге қанат қосылып 12 тал болады. Ірге қанатты кейде қыран қанат деп те атайды, желжарғыш деп те атайды. Бір сөзбен айтқанда тоқ қанат топшыға жақын, одан кейін іргеканат, ал ұшы шалғы боп бөлінеді.

1. Құмай қанат. Қанатының түркі ұзын, ұшы имектеу, орақ секілді, бұл ұшқанда шабан ұшады да аңға сараң барады. Яғни, аңға жай барады, ұшуы қопақтау, жүрмейтін ат секілді шабандау.

2. Қылыш қанат. Қанат шалғысы қылышқа ұқсас, ұшы сәл иіндеу, тұзу. Алыс-жақын демей шапшаш ұшады, көргенін құтқармайды. Аңға шапшаш барады, мерген түседі.

3. Шыл қанат. Құйрығы ұзын болады да, қанаты қысқа, екі қанатының шалғысының ұшы сәл ғана айқасқан, ұшар кезіндегі балапанның қанатындей ғана көлемді. Аңға екі түспейді, өте мерген түседі, нағыз қырандықтың белгісі.

Бүркіттің қаптал қауырсының сыны:

1. Терек жапырақ. Алма жапыраққа қарағанда күйшіл, қалыпты орта етімен ұстағанда, баппен қайырғанда аңға бара береді.
2. Алма жапырақ. Жұні дөңгелек, теңбіл. Күй тартпайды, нағыз қыранның белгісі, өзі табиғи бабында тұратындықтан аңкөс.
3. Тал жапырақ. Бұл өте күйшіл, аң алуы сирек. Қаптал қанаты тал жапырағы секілді ұсақ бедерлі болғандықтан солай аталады. Бұл құсты аса баптағандағанда аң алады, өте бап талғайды.
4. Бүркіттің балақ жұнінің сыны: Балақ жұні қысқа болса аңға салымы аз дейді, бұл саршегірдің балақ жұні төгіліп тұргандықтан оны қандыбалақ деуге болады.

Бүркіт санының сыны:

Саны толық тұтамнан асып тұрса, шоқпар сан құс деп атайды. Саны бір тұтам, бір елі болса ол тұлқілік дейді. Ал бір тұтамнан кем болса, сарша болады. Бұл балуандықтың белгісі. Санының мөлшері алып құстарда бір тұтам, төрт еліге дейін жетеді.

Бүркіттің саусақ сыны:

Бүркіттің төрт саусағы болады.

1. Тегеурін. Бұл артқа қарап тұрады. Тегеуріні тегіс тисе шегедей дейді.
2. Жембасар. Тегеурін мен жембасар екеуі аңға тұскенде нағыз көмек болады. Кейбір құстардың жембасар тұяғының екі жағында қылыштай қыры бар, оны болат дейді. Бұл қырандықтың белгісі.
3. Шенгел. Тегеуріні темір ұскідей, шенгелі шегедей дейді.
4. Сығым немесе анқағар.

Бүркіттің тұяқ сыны:

1. Шеге тұяқ. Аңға шеге тұяқ тез кіреді, қарымды.
2. Сырға тұяқ немесе үкітұяқ. Күші әлсіз, жіңішке сарша құс.
3. Аю тұяқ. Өте қарымды балуандықтың белгісі.

Бүркіттің табан астындағы бүршігінің (томарының) сыны:

Бүркіттің табан астындағы бүршікті томар деп те аттайды.

1. Аютұяқ құлтабан. Бұл жұмыскер құл секілді табаны қап-қара құжыр-құжыр, жарылған божыр, жалаңаяқ жүрген құлдың табаны секілді қарулы деген сөз.
2. Шеге тұяқ ұлтабан. Бұл да қыранның белгісі, томары сиырдың тіліндегідей ұсақ-ұсақ бүршікті, қышырлы болып келеді.
3. Сырғатұяқ майтабан. Ол саршаның белгісі, онда бүршіктер аз болады, қыран емес.

Сонымен бірге ел аузында айтылып жүрген «Қарақасқа қыран» деген болады. Әдетте бүркіттің құйрығы 12 тал болады, ал қарақасқа деген ерекше қыранның құйрық саны 14 болады да, ең шеткі қысқалтаң екі құйрығы шымқай ақ, ал құйрығының дәл ортасындағы екі құйрығы тарлан болмай,

менсіз қара болады да, оны сол себептен «қаракасқа қыран» дейді қарт сыншылар. Мұндай құс зады аса сирек болады. «Қара қасқа қасқыр алады» дейді ел сондықтан. Сонымен бірге «қыжалы қыран» деген ұғым бар. Оның қанатының астынғы сербегінен, яғни қанатының астынан жеке шыққан бір сүйем немесе бір қарыс иіріліп байланып шыққан қыска бір тал қауырсыны болады. Ол аңға оқталып сұпталып, біздің тілмен айтқанда шоқпардай болып денесін жиып шүйілгенде қанатының астынан ызылдаған, уілдеген ерекше бір дауыс шығарып, тұлқінің зәре-құтын ұшырады.

Бүркіт аңға 3 түрлі порымда түседі.

1. Сыпрып түседі. Таңнан іліп бір қарыстан бір қарыс сыпрып әкетеді. Бұл күшті құс болғандықтан жер жастап барып, қармаулы, қуаты мығым болғандықтан сыпрып әкетеді.
2. Іліп түседі. Таңнан іліп әкетеді де, қайтадан қайырылғанда тұмсықтан ұстап әуеде бүктеп өлтіреді. Бұл да салмағы ауыр, өзіне сенімді қарымды қыран. Ақырын білдірмей жер жастанып келеді де тұлқіні жанасалап кеп іледі. Бұл шылқанат құс. Тұлқіні жанынан іліп әкетеді. Тұлқі аспаннан келеді деп сактанып тұрғанда білдірмей келіп бауырынан іліп әкетіп өлтіреді.
3. Шаншылып түседі. Тасқа, бұта бүргенге, сидаға түскіш, тасқа соғылғыш болады. Бұл құстың салмағы жеңіл болғандықтан әуелеп келіп, екпіндеп, соғып барып тұлқіні алатын қыранның белгісі. Алайда бүркіттің өз өміріне қауіпті болады. Яғни салмағы жеңіл болғандықтан аспаннан қатты екпіндеп түседі де тұлқіні жазым етеді. Бірақ мұндай құс көбінде тасқа, бұтаға түсіп, қапыда қаза болады.

Экспедиция кезінде Шіңгіл ауданы құсбегісі Дәүкей ақсақал құстың тұқым-жұрағатын да, бағасын да ажыратып айтып берді. Ол мынадай:

Қазақтың билік құн жүйесінде қыран құс, тұзу мылтық, жүйрік ат ұшеуінің бағасы бір, бұларды үш жақсы деген. Алтай бүркітін сынағанда «қылыш тұмсық, қысық көз, ақиық» дейді, мұны «қызға берместің өзі» деп бағалайды. «Ойдың ор құсы» деген де бар, оның иығы ор болады, оған арнап «Тапсан құстың орын сал, таппасаң зорын сал», – дейді халық.

Ақсақалдың айтуына қарағанда құстың ру-жұрағаты төмендегідей: Ақиық Алтайда, Саршолақ Қобдада, Карагер Боғдада, Ақшегір Нарында, Сабалақсары Сауырда, жасыл құс Анамбар тауында, ак бүркіт Африкада мекендейтін көрінеді.

БағдатМУПТЕКЕҚЫЗЫ, «Жалайыр Шора» құсбегілер мектебінің бас директоры, журналист:

– Ұлттық спорттың қызықты бір түрі – саятшылық. Қазақ саятшылық өнері карт құсбегілердің тәлімінің арқасында қазіргі ұрпағына жетті. Осы өнерді Еуропа елдеріне де апарып таңдай қақтырып журміз. Бірақ бекзат өнерімізді саяхатшылар мен шетелдіктердің ермегі етпей, нағыз ұлттық құндылық ретінде ЮНЕСКО деңгейінде бренд етіп қорғау, дамыту баршамыздың міндетіміз.

СерікНЕГИМОВ,профессор:

– Саятшылық туралы аңыз-әпсана, жыр-хикая мол. Жалайыр шор туралы әпсана түркі-моңғол бірлігі заманында қатар айтылғаны байқалады. Себебі, «Құпия шежіреде» Жалайыр шор туралы аңыз Бодан шорға телініп айтылады. Бидайық, италақаз, құмай туралы қаншама қызықты әпсана бар. Осы бейнелер туралы зерттеу – саят өнерінің тамырын терендете түседі.

Зейнолла САМАШЕВ,археолог,тарих ғылымдарының докторы:

– Саятшылық өнердің тамыры теренде. «Тамғалы тас» секілді жартастарда бабаларымыздың аң атқан, киік аулаған суреттері салынған. Бұл дәстүр кейіннен халық әдебиетінде кең көрініс тапқан. Тіпті қыран құс ежелгі түркілердің мемлекеттік рәмізіне де айналған. Ақсақ Темірді сахибқыран деген мәртебелі лауазыммен шақырудың өзі саят өнері мемлекеттің назарында болған әскери-спорттық үлкен машық екенін танытса керек.

Ақеділ Тойшанұлы

филология ғылымдарының кандидаты.

Пікіралмасу